



Бектурған ЛАҚАДЫЛ

Соғыстың қасірет әкелетіні әлімсақтан белгілі. Ауған соғысы да жауқазындай жайқалған небір жастың ғұмырын ерте қиды емес пе. Олардың ешқандай жазығы жоқ болса да жат жерде опат болып, елдегі етжақын туыстары зар еңіреді. Ауған жеріне енгізілген Кеңес әскері шектеулі контингентінде болған интернационалист-жауынгерлердің кереген тауқыметі көп. Осындай тағдырды басынан кешірген өрімдей жастардың бірі Жанат Аманбаев болатын.

Ол Екібастұз өңіріндегі Ақкөл ауылын-

АНТЫНА АДАП ЖАУЫНГЕР

да дүние есігін ашты. Алты жасқа толғанда өзінен үлкен Қадиша және Гүлнәр дейтін екі бірдей жанашыр жақыны пештің саңылауынан шыққан көмірдің түтінінен уланып бір түнде қайтыс болды. Сол түні Жанат туыстарының үйінде болып аман қалыпты. Отбасындағы осы қайғылы жағдайды еске түсіре беруді қаламаған отағасы «Екібастұз» кеңшарына қоныс аударады. Сөйтіп, Жанат осы ауылдағы мектептің бірінші сыныбына барады. Оқып жүріп сурет салуды да үйренеді. Мектеп бітіргесін асқақ арманын арқалап Алматыға аттанады. Мақсаты – суретші болу. Бірақ бұл жолы ол армандаған оқуына түсе алмай, тауы шағылып, ауылына қайтып оралады. Енді ғана он сегізге толған ол 1978 жылы қазан айында әскери борышын өтеуге шақырылады. Бастапқыда Семей полигонына түседі де, сонда екі аптадай болады. Содан соң Германиядағы Кеңес әскері тобына алынады. Осында бір жыл әскери борышын танк дивизиясында өтейді. Бұл уақытта Ауған жерінде соғыс жүріп жатқан еді. Бірде әскери басшылық жауынгерлерді сапқа тізіп, ішінен үш-төрт мұсылман жігітті іріктеп алады. Алайда, не үшін екенін айтпайды. Осылайша олар шекарадағы Кушка қаласынан бір-ақ шығады. Осы арада жауынгерлерге су жаңа киім-кешек беріп, дайындықтан өткізеді де, бір күні әскери колоннаға жолға шығуға

бұйрық беріледі. Міне, дәл осы тұста ғана жауынгерлер Ауған соғысына жіберілгендерін ұғады.

– Дүние аласапыран боп жатқан кез. Соғыстың көп жайынан бейхабармыз. Ауған жерінде өгізбен жер жыртып, ауыл шаруашылығымен айналысып жүрген бейбіт адамдарды кездестірдік. Өйел-қыздары беттерін орамалмен тұмшалап алады екен. Қасына жақындасаң, қаша жөнеледі – деп еске алады алғашқы әсерін Жанат өңгіме үстінде.

Әскери борышын өтеп жүргенде жауынгерлер біраз қиындық көріпті. Кейде әскери тапсырмамен иен далада жатқан күндері де болыпты. Сондайда тамақтан да тарыққан, тіптен қол жуатын су да болмай қалады екен.

–Ауған жерінде күн ыстық, далада бір сағат шыдап тұра алмайсың, ал түнде суық жел тұрады. Әйтсе де бара-бара оған да үйреніп алдық», – дейді ағамыз азапты күндердің бір сәтін есіне түсіріп. Жанат Аманбаев Ауған соғысында он бір ай болып, әскери борышын мінсіз атқарады. Сөйтіп, қарулас жауынгерлер ілгерінді-кейінді туған жеріне қайта бастайды. Әу баста олардың көкейін өскен өлді көре аламыз ба, жоқ па деген бір ғана сұрақ мазалайтын. Тіпті, елге ұшып келе жатқан кездің өзінде де осындай үрей болады. Себебі, дұшпан аяқ-астынан ұшақты атып түсіруі әбден мүмкін еді. Дегенмен, елдегі әке-

шешенің тілегі жар болып олар Ашхабадқа аман-есен қонады. Бәрінің қуанышында шек жоқ. Жата қалып жерді сүйіп, жылағандар да болыпты.

Соғыс көріп қабырғасы қатайған Жанат ауылға келіп туыстарымен қауышқан соң бала кезінен ойында жүрген суретшілік оқуына түсем деп тағы талпыныс жасайды. Бірақ бұл жолы да түсе алмайды. Содан кейін Екібастұз қаласына келіп, жұмысшы мамандығын игеріп, ГРЭС-те жұмыс істейді.

Әскерге кетер алдында ол аяулы анасынан айырылған еді, араға тоғыз жыл салып асқар таудай әкесі де мәңгілік сапарға аттанады. Бір үйлі жанның бар ауыртпалығы бір басына түседі. Інілері мен жалғыз қарындасын оқытады. Сол себепті отызға келгенде барып үйлі болады. Қазір бір ұл, бір қыздың әкесі. Жұбайы Айгүл – мектепте мұғалім. Ұлы Дәурен Астана қаласында. Қызы Айжан 11-сыныпта оқиды.

Жанат Аманбаев ара-тұра Екібастұз қаласындағы ауғандық жауынгерлермен кездесіп тұрады. Мұндай кездесулер кезінде қарулас достар, жат жерде болған соғыс ауыртпалығы өңгіме болады. Бүгінде жасы елуден асқан интернационалист-жауынгерлер осындайда енді тек бейбіт заман болсын деп тілейді.